

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы**

Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 қазандағы № 6/41-VIII шешімі. Түркістан облысының Эділет департаментінде 2023 жылғы 20 қазанда № 6382-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабына сәйкес Отырар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес мәслихаттың кейір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Отырар аудандық мәслихатының төрағасы

У. Ұзақов

Отырар аудандық

мәслихатының 2023 жылғы

13 казандағы № 6/41-VIII

шешіміне 1 қосымша

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 07.04.2025 № 24/140-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалары) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 33 бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, "Ардагерлер

"туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №523 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №183871 болып тіркелген) қаулысына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Отыrap ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Отыrap ауданы әкімінің шешімімен құрылатаңын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – ЖАО мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы құндер мен мереке құндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – "Отыrap ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен құнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тұра келетін үлесі;

8) мереке құндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке құндері;

9) мерекелік құндер (бұдан әрі – атаулы құндер) – Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

10) уәкілетті мемлекеттік орган – Түркістан облысының "Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

11) участекілік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайын зерттеп-қарау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

12) шекті мөлшер – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

13) цифрлық құжаттар сервисі – "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру обьектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған обьектісі;

14) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "ортақ терезесі" дегенді білдіретін ақпараттандыру обьектісі;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Әлеуметтік кодекстің 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229 -бабының 3-тармағында, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 11-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мезгіл-мезгіл (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта бір рет, жылына бір рет) көрсетіледі.

5. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады

6. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіз болады:

1) дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мұлкіне зиян келуі;

2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мұлкіне зиян келуі;

3) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы;

4) жергілікті өкілді органдар ең төмен құнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы;

5) жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмауы;

6) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

7) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы, пробация қызметінің есебінде болуы.

## **2-тарау. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

7. Мереке күндері мен атаулы күндерге орай әлеуметтік көмек бір рет ақшалай төлем түрінде азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

1) 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні:

оқу жаттығу жиындарына шақырылған және ұрыс қымылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілерге – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстандағы немесе соғыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі соғыс қымылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жарапану, контузия алу, мертігу, ауыру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні:

көпбалалы аналарға, оның ішінде:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) 26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апатты еске алу күні:

1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі – Чернобыль АЭС) апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың зардалтарын жоюға қатысқан адамдарға – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына – 20 (жырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні:

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшетту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне, 1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі – КСР Одағы) ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметші адамдардың отбасыларына – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

### 5) 9 мамыр – Жеңіс күні:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 382 (үш жүз сексен екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сінірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткөрген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сінірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдарға – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдарға – бір рет 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар құрамында фашисттік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдарға – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комиссариатының, Байланыс халық комиссариатының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтерілу құрамының, Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасының ұшу-көтерілу құрамының арнаулы құралымдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шекаралары, флоттардың жедел аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелеріне – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, әскери қызметтің өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілерге – бір рет 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, жарақат алуы салдарынан не майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болып қалған бұрынғы КСР Одағы мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Коршаудағы Ленинград түрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға – 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұсташа орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарына – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1944 жылғы 1 қаңтар – 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР, Эстония КСР аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарға – 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) – бір рет 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) – 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "

"Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азamatтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) – 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Социалистік Еңбек Ерлеріне, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлеріне, "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар болып табылатын және бұрынғы КСР Одағының немесе Қазақстан Республикасының ордендерімен немесе медальдарымен наградталған не бұрынғы КСР Одағының немесе Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болған, не Қазақстан Республикасының құрмет грамоталарымен наградталған, не Қазақстан Республикасының ведомстволық наградаларымен наградталған адамдарға – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) 31 мамыр – Саяси қуғын-сұргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні:

саяси қуғын-сұргіннен зардап шеккен мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси қуғын-сұргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес акталған тұлғаларына – 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) 29 тамыз – Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні:

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен адамдарға – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні:

Түркістан облысының киелі мекендеріне саяхатқа шығуға Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлеріне – 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9) 1 қазан – Қарттар күні:

ең төмен мөлшердегі зейнетақы алушылар ішінен зейнеткерлік жастағы адамдарға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

10) Қазан айының екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасының Мүгедектігі барадамдар күні:

үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер алатын мүгедектігі бар балаларға – 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

11) 25 қазан – Республика күні:

табыстарын есепке алмай Қазақстан Республикасының жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының күндізгі бөлімдерінде оқытын

жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға – 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

12) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғасына қатысып, Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғаларға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет, жылына 1 рет) көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, соларға теңестірілген адамдарға және еңбек ардагерлеріне санаторий-курорттық емделуге – бір рет 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жол жүру шығындарын өтеу үшін:

ТМД елдеріне – бір рет 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының аумағында – бір рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

мерзімді басылымдарға жазылу үшін – Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, батыр аналарға, жаттығу жындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға-жартыжылдықта бір рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) дүлей апат немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуіне байланысты жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай – бір рет 400 (төрт жұз) айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

3) "Отырар аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ұсынатын тізіміне сәйкес әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратын адамдарға – бір рет 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) диспансерлік есепте тұрған адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалардың ата-аналарына немесе занды өкілдеріне, адамның иммун тапшылығы вирусы ауруынан зардап шегетін балаларға – ай сайын ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 есе мөлшерінде;

5) бала кезінде адамның иммун тапшылығы вирусын тудыратын ауру жұқтырған адамдарға – бір ретең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 есе мөлшерінде;

6) "Отырар аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ай сайын ұсынатын тізімі негізінде туберкулез түріндегі әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдарға – ай сайын 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) "Отырар аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ұсынатын тізімі негізінде әлеуметтік мәні бар ауруларға жатпайтын өте сирек кездесетін аурулармен (ағзадағы тамырлардың тарылуы, "Даун" синдромы) ауыратын адамдарға – бір рет 200 (екі жұз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген, жан басына шаққандағы орташа табысы өтініш жасалған тоқсанның алдындағы облыс бойынша белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан аспайтын отбасыларға – бір рет 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9) жасының егде тартуына байланысты, бұрынғы ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмайтын жалғызлікті қарт адамдарға – бір рет 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

10) Отырар аудандық пробация қызметі бөлімінің ұсынатын тізіміне сәйкес пробация қызметінің есебінде болуына байланысты әлеуметтік көмек – бір рет 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

11) Отырар ауданында тұрғылықты тұратын бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдарға – бір рет 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

### **3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

9. Атаулы құндер мен мереке құндеріне орай әлеуметтік көмек мемлекеттік корпорацияға не өзге ұйымдарға сұрау салу негізінде не уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық түрде ұсынған, Отырар ауданының әкімдігі бекітken тізімдер бойынша оны алушылардан өтініштер талап етілмей көрсетіледі.

10. Әлеуметтік көмек көрсетуге жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек көрсету сомаларын аударады.

Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органнан алынған әлеуметтік көмек сомаларын әлеуметтік көмек алушылардың банктік шоттарына аударады.

11. Элеуметтік көмек ақшалай нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті тұрлеріне лицензиясы бар ұйымдар арқылы алушылардың шоттарына аудару жолымен көрсетіледі.

12. Элеуметтік көмек көрсету тәртібі Улгілік қағидалардың 3- тарауымен анықталады.

13. Элеуметтік көмек көрсетуден мынадай:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш беруші бас тартқан, жалтарған;

3) тұлғаның (отбасының) жан басына шакқандағы орташа табысы элеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді орган белгілеген шектен артық болған;

4) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен элеуметтік көмек тағайындау, осы негіз бойынша төлемді жүзеге асыруға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған жағдайларда элеуметтік көмек көрсетуден бас тартылады.

14. Элеуметтік көмек көрсету:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тұрақты тұру үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс кеткен;

3) алушы мемлекеттік медициналық-элеуметтік мекемелерге тұруға жіберілген;

4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болмай қалғаны туралы мәліметтер анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Осы тармақтың 3) тармақшасы осы қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмекті төлеуге қолданылмайды.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.

15. Элеуметтік көмектің артық төленген сомалары ерікті түрде қайтарылады, заңсыз алынған сомалар ерікті түрде немесе сот тәртібімен қайтарылуға тиіс.

16. Элеуметтік көмек көрсетуді мониторингтеу мен есепке алуды әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккөрын пайдалана отырып жүргізеді.

17. Атаулы күндер мен мереке күндеріне төленетін әлеуметтік көмек алушылардың санаттарын қалыптастыру және әлеуметтік көмек көрсету мемлекеттік корпорация арқылы төлеу процесіне бастама жасау Улгілік қағиданың 26-33 тармақтарымен анықталады.

## **Күші жойылған кейбір шешімдердің тізбесі**

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы " Отырар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 56/267-VI шешімі ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5699 болып тіркелген);

2. "Отырар ауданының мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 56/267-VI " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы " шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Отырар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 11/62-VII шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26599 болып тіркелген);

3. "Отырар ауданының мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 56/267-VI " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы " шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Отырар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 19/111-VII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29888 болып тіркелген).